In the process of digitalization, the very structure of learning and the organization of the educational process are fundamentally changing. These changes will require both the choice of material for creating courses and their organization, and for managing an educational institution. The resulting educational environment can be implemented in accordance with several algorithms, each of which has the right to exist. Among the most significant can be distinguished: the use of free development of specialized Internet resources; the use of paid platforms for the implementation of educational content; the use of off-the-shelf platform solutions located in the cloud; creation of hybrid resources, based on several platforms, etc. [5].

Today, universities mostly use a two-component information and educational environment. It combines the publicly available resources of international educational platforms with the content of their own developments. The most commonly used platform is Coursera. Moreover, quite a lot of large IT companies are developing their own platforms that have both a direct and immediate relationship with education, as well as indirect, specialized. These developers include Facebook, iTunes, eBay, Amazon, LinkedIn, Airbnb, Tencent; VKontakte, Yandex, Avito, OZON. The information and educational environment of digital education includes technical resources: computers, tablets, mobile devices, networks, video systems, interactive screens; educational resources: software, e-educational resources, information and educational portals, distance learning systems, electronic libraries, cloud resources, webinars, newsgroups; process management: distance learning, e-mail, social networks, personal account in the cloud, the form of training [6].

Digitalization of education leads to changes in the labor market, in educational standards, the identification of needs for the formation of new competencies of the population and is focused on the reorganization of the educational process, rethinking the role of the teacher. On the one hand, digitalization undermines the school's methodological foundation inherited from the past, and on the other hand, it creates the availability of information in its various forms, not only textual, but

also sound and visual. The availability of information will require constant search and selection of relevant and interesting content, high speeds of its processing. Consequently, the digitalization of education leads to its fundamental, qualitative restructuring. The teacher must learn to use new technological tools and almost unlimited information resources.

Virtual reality technologies create the possibility of using digital simulators that are not tied to one workplace, which expands the range of technologies studied. Mobile learning technologies let you learn anytime, anywhere. Today, information and knowledge are the basis of economic progress, to which traditional concepts and models are not applicable. L. V. Shmelkova emphasizes that the most important feature of a person adequate to the digital economy is that this person owns digital technologies and applies them in professional activities [7].

The integration and innovative use of digital technologies in education has become a policy priority across Europe. The European Union and its Member States have adopted a range of measures to support the digitalization of education. It is also a key priority for several of the Europe Strategy flagship programmes, in particular the Agenda for New Skills and Jobs, Youth on the Move, the Digital Agenda and the Innovation Agenda [8]

In Europe, the rationale for the innovative use of digital technologies in education is based on the belief that it will support learners' competence to achieve in the knowledge economy, allowing European states to remain competitive and integrated with the global economy. The Europe 2020 Strategy, for examples, cites the strategic role of Engineering and Technology, highlighting digital technologies as key drivers of educational innovation. The integration of digital technologies to support E&T received further high-level support as a major component of the European Commission's strategy for opening up and modernising E&T systems.

Since 2011 all countries had formulated national policies for ICT in education, either as standalone policies or as part of a wider national ICT strategy. The strategic emphasis of these policies, by and large, remained on fostering students' digital competence, justified by future economic benefits. Operational aspects of the policies focused mainly on training for teachers and the provision of up-to-date technology and infrastructure for schools, with a focus on primary and secondary general education. Policy direction and vision was found to be developed largely by national administrations, while operational policy decisions were often taken in a decentralized way, allowing freedom for local administrations and schools to experiment with and shape their own policies within some top-down key parameters. The assessment also established that all European countries had some form of monitoring and evaluation system in place to investigate whether or not the implemented policies met their targeted objectives [9].

In general, experience shows that the use of digital technologies in the context of teaching support has strong support from national authorities in Europe. The authorities at the national level are striving to stimulate the increased use of digital technology by teachers in the "core curriculum". This, in turn, is punctuated by

a consensus that the role of teachers in education is as important as the current political trend. As a result, the existing policy has been revised. Today, the role of teachers in the integration of digital technologies is increasingly attracting the attention of both politicians and researchers [10]. Many national strategies of the European Union (adopted in 2010-2015) aim to equip students in educational institutions, schools, classrooms or age groups with portable devices such as laptop, netbook, tablet or smartphone for educational purposes. Experience also shows that so-called “1: 1” learning initiatives have had a positive impact on teaching and learning practice, contributing to the creation of a more student-centered learning environment [11]. Device mobility has allowed learners to create more learning opportunities and a more independent approach to content. From teachers and students, it was noted that the devices improved interaction and supported more personalized feedback and the development of personalized content. Finally, the most potent effects were increased student motivation and parental involvement. Most member states of the European Union have national or regional platforms or websites for school education that provide some digital content and resources relevant to their curricula and learning objectives. Learning resources have been converted to electronic format, which simplifies the work of teachers and students, as well as their parents, and also makes digital resources more accessible to them in general.

Kazakhstan also is having a rich education base, but it is still on the developing process. In the context of globalization of modern of the scientific world, we should consider the establishment and testing of expert activities centers of digitalization together with regional and Kazakhstan companies. Attention must be directed “to the development of processing and testing of teaching and learning complexes, training simulators, and simulators, virtual laboratories for in-depth teachings of mathematics, computer science, financial mathematics and digital economics. The development of digital higher education reference must be accompanied monitoring the needs of the modern production market, the introduction and the digitalization of educational programs of all levels in accordance with the requirements for key-digitalization competences for each level of education, ensuring their continuity. Speaking of digitalization of higher education institutions, we mean not only IT universities. Digitalization should fundamentally touch all universities: economic, legal, natural, scientific. Emphasis on the availability of the knowledge of the IT-technologies, an economist and a lawyer - skills in digitalization will allow Kazakhstan education at a qualitatively new high level. As technology transforms the means for creating and exchanging information, the challenges to copyright carry serious implications for education”[13, p. 1322-1323].

For instance, Nazarbayev University characterizing by an inadequate level of education development. “In June 2015, the first graduation ceremony was held at Nazarbayev University. 380 bachelors and 142 undergraduates received NU diplomas. In September 2015, the Nazarbayev University School of Medicine was opened with the first admission of students for the Doctor of Medicine program (M.D.)

December 24, 2015, in accordance with Article 3 of the Law of the Republic of Kazakhstan dated February 18, 2011 “On Science”, Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated December 7, 2010 No. 1118 “On Approval of the State Program for the Development of Education of the Republic of Kazakhstan for 2011–2020”. The Government of the Republic of Kazakhstan of the autonomous organization of education “Nazarbayev University” was granted the status of a research university, and also approved the Program of development of the research university of the autonomous organization of education “Nazarbayev University” for 2016-2020.

In June 2016, the second edition took place 443 bachelor and 178 undergraduates received NU diplomas” [13, p. 1323].

Actually, new technologies in digitalization area changes other sectors too. The primary objectives are to guarantee the production of sufficient food and to ensure a fair standard of living for people engaged in agriculture sector. For example, this technology helps us to use new products more effectively than on previous time.

In the structure of the economy of Kazakhstan is increasing every year the share of the mining industry, leading to it so ne-sided development and reduce the overall competitiveness of Kazakhstan's economy. However, the mining industry would be a consumer of the products and services of enterprises belonging to other sectors of the economy and, thus, contribute to macroeconomic stability, economic modernization and social well-being of the people of Kazakhstan. Kazakhstan's content - an indicator of the level of technological and industrial-innovative development of Kazakhstan, which is a share of the value of Kazakh goods, services and labor used in the implementation of the enterprise in the territory of the Republic of Kazakhstan. The description discusses the need for the development of local content in terms of innovative development of the national economy of Kazakhstan [13, p.1326].


It is sufficient to consider the dynamics of new trends in education sphere in 2019 (Table 1).

Table 1 The amount in % of quality VR (Virtual reality) and STEAM in Kazakhstan [13, p. 1326]

Duration	VR (Virtual Reality)	STEAM
2016	15	13
2017	18	15
2018	20	17

Based on Table 1 the amount in % of quality VR and STEAM, it can be concluded that the main proportion is how these two directions grow up during three last years. There is a percentage base how VR become more popular in education sphere in 2018 (Fig.1).

Percentage of using VR method in universities



The main goal is the progressive development of the digital ecosystem to achieve sustainable economic growth, improve the competitiveness of the economy and the nation, and improve the quality of life. According to Greenlight “Insights polls, 71% of consumers consider promising and modern brand, which uses VR technology. And Racounter names 10 areas that in the near future introduce virtual reality: sports, urban planning, the underwater world, engineering, psychological health, advertising, corporate events and meetings, tourism, security and an alternative lifestyle.

In 2016, the structure of the served users along professor staff and students: business and professional - 54,1%, scientific works - 45,6%, with other purposes - 0,3%, in 2013 the structure of the purposes looked as follows: business and professional - 60,0%, scientific works - 33,7%. It is noteworthy that compared to foreign users is growing up since the last three years (51.7%)” [13, p. 1327].

Thus, digital technologies in education sphere in Kazakhstan relies mainly on the local population, as well as on business and professional skills of users (scientists, PPS, students and other categories of people, who want to up their knowledge). Analyzing the change in the main economic indicators, we can conclude that the potential of Kazakhstan in education sphere is not fully realized, since the development of the last decade [13-14].

Conclusion

Thus, as we can see, the developed policy of digital education in the country significantly affects the level of education, and therefore, its competitiveness in the world economy, in particular. The use of digital technologies also significantly affects the national economy, social, cultural and political life, in connection with which the states proclaim strategies and implement comprehensive national programs with the participation of political actors, business and society. Digital technologies are not only a tool, but also a new human environment. The digital educational environment provides completely new opportunities: to move from learning in a traditional classroom to learning in any space and time; develop an individual educational

route that meets the educational needs of the student's personality; turn students not only into active consumers of electronic resources, but also into creators of new resources. This implies only one axiom, to enter the age of developed technologies and not to use them to the maximum at least erroneously, which leads to a slowdown in the spheres of state activity, including non-competitiveness in the world arena.

REFERENCES:

1. Larina E.B., Orekhova E.A. Tsifrovizatsiia kak faktor povysheniia konkurentosposobnosti natsional'noi ekonomiki na mirovykh rynkakh [Digitalization as a factor in increasing the competitiveness of the national economy in world markets] // Vestnik Saratovskogo Gosudarstvennogo Sotsial'no-ekonomicheskogo universiteta, 2019. № 2(76). S. 29-34.
2. Pakhomov Iu. Postroenie tsifrovoi ekonomiki: chto mozhet dat' sistema professional'nogo obrazovaniia? [Building a digital economy: what can a professional education system give?] // It Week 09.09'017. // URL: <https://www.itweek.ru/gover/article/detail.php?ID=196685>. (accessed: 20.03.2020)
3. Stefanova N.A., Rakhmanova T.E. Otsenka effektivnosti tsifrovoi ekonomiki [Evaluation of the effectiveness of the digital economy] // Ekonomicheskie nauki. 2017. T.6. T4 (21).S. 301-304. // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/otsenka-effektivnosti-tsifrovoy-ekonomiki>. (accessed: 25.03.2020)
4. Shmel'kova L.V. Kadry dlia tsifrovoi ekonomiki: vzgliad v budushchee [Human resources for the digital economy: a look into the future] // Tsifrovaia ekonomika Dopolnitel'noe professional'noe obrazovanie v strane i mire, 2016. № 8(30). S. 1-4.
5. Bruskin S.N. Metody i instrumenty prodvinoi biznes-analitiki dlia korporativnykh informatsionno-analiticheskikh sistem v epokhu tsifrovoi transformatsii [Methods and tools of advanced business intelligence for corporate information and analytical systems in the era of digital transformation]. S. 234-239. / URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/metody-i-instrumenty-prodvinutoy-biznes-analitiki-dlya-korporativnykh-informatsionno-analiticheskikh-sistem-v-epokhu-tsifrovoy>. (accessed: 03.05.2020)
6. Kontseptsiiia Rossiiskogo portala otkrytogo obrazovaniia [The concept of the Russian portal of open education] // URL: https://tspu.ru/res/informat/sist_seti_fmo/praktik/imeg10/pril_prakt-10.html. (accessed: 01.05.2020)
7. Izuchenie rossiiskogo rynka onlain-obrazovaniia i obrazovatel'nykh tekhnologii. [Study of the Russian market of online education and educational technologies] // URL: <https://edmarket.digital/> (accessed: 17.04.2020)
8. Conrads J. Digital Education Policies in Europe and Beyond. / URL: https://www.researchgate.net/publication/329191509_Digital_Education_Policies_in_Europe_and_Beyond_Key_Design_Principles_for_More_Effective_Policies. (accessed: 20.04.2020)
9. European Commission. The European eGovernment Action Plan 2011-2015 Harnessing ICT to promote smart, sustainable & innovative Government. Brussels. 2010. 15 p. // URL: <https://eur-lex.europa.eu/LexUriServ/LexUriServ.do?uri=COM:2010:0743:FIN:EN:PDF>. (accessed: 10.05.2020)
10. Schrum L. A Global Perspective: Current Trends and Issues in ICT for 21st Century Education. // URL: https://www.researchgate.net/publication/280218587_A_Global_Perspective_Current_Trends_and_Issues_in_ICT_for_21st_Century_Education. (accessed: 12.05.2020)
11. Overview and Analysis of 1:1 Learning Initiatives in Europe / URL: https://www.researchgate.net/publication/242339777_Overview_and_Analysis_of_11_Learning_Initiatives_in_Europe. (accessed: 24.05.2020)
12. Olga N. Machekina Digitalization of education as a trend of its modernization and reforming // URL: <https://www.revistaespacios.com/a17v38n40/a17v38n40p26.pdf>
13. Ordov K., Madiyarova A., Ermilov V., Tovms N., Murzagulova M. New trends in education as the aspect of digital technologies //International Journal of Mechanical Engineering and Technology (IJMET). Volume 10, Issue 02, February 2019, pp. 1319-1330.
14. Ziyadin Sayabek, Dauliyeva Galiya, Kalymbekova Zhanna and Turlybekova Asel (2017) Key Aspects of Digital Tourism Modernization. Proceedings of the 31th International Business Information Management Association Conference, IBIMA 2017, P. 2065-2070.
15. Ziyadin, S., & Kabasheva, N. (2018). The Basis for Initiating the Eurasian Integration of the Agricultural Sector. Questions of government and municipal management, (special editor).

*Гүлден Ашкенова¹, Айнұр Мажитова²,
Қаламқас Есімова³, Қайрат Батырбаев⁴*

¹*«Қоғамдық пікір» зерттеу институтының директоры,
әлеуметтану магистрі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: gulden.ashkenova@gmail.com*

²*«Қоғамдық пікір» зерттеу институты директорының
орынбасары, әлеуметтану магистрі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: ainur.mazhitova@gmail.com*

³*«Қоғамдық пікір» зерттеу институтының талдаушы-әдіскері,
антропология және этнология магистрі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: kesimova@gmail.com*

⁴*«Астана» халықаралық ғылыми кешенінің ғылыми қызметкері,
саясаттану магистрі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: eami.kairat@gmail.com*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНАН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНА ОҚУ КӨШІ-ҚОНЫ: ЖАЙ-КҮЙІ, СЕБЕПТЕРІ, КЕЛЕШЕГІ *

Андатпа. Мақала «Қазақстан-Ресей шекарасы: тарихи контекст және жаңа геосаяси шындық» бағдарламасы аясында әзірленіп, 2018-2021 жылдары авторлардың орындауымен іске асқан «Қазақстан Республикасынан Ресей Федерациясына бағытталған оқу көші-қоны» әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне негізделді. Зерттеу барысында шекаралас аумақта тұратын және Ресейдің жоғары оқу орындарында білім алған Қазақстан азаматтарына сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 30 ЖОО-да 50 мамандық бойынша білім алған 309 респондент қатысты. Сауалнама сұхбат, онлайн, телефонмен сөйлесу сияқты аралас форматта жүргізілді. Сондай-ақ, Солтүстік Қазақстан облысынан шыққан, Ресейде білім алып жүрген, бірақ пандемия кезінде Қазақстанда болған бакалавриат студенттерден тереңдетілген сұхбат алынды. Мақалада оқу көші-қоны уәждері мен келешегі қарастырылады. Сондай-ақ, мақалада халықаралық білім ұтқырлығының (Academic mobility) Қазақстанның Ресеймен шекаралас облыстарындағы эмиграция процестеріне әсері мәселесі қарастырылған. Авторлар көші-қон процесінің тартушы және итермелеуші (Push/Pull) факторларын анықтады.

Түйін сөздер: оқу көші-қоны, білім көші-қоны, Қазақстан, Ресей, жастар, Қазақстан-Ресей шекарасы, Border Studies, фронтьер көші-қоны, әлеуметтік зерттеу.

* Мақала «Қазақстан-Ресей шекарасы: тарихи контекст және жаңа геосаяси шындық» ҚР БҒМ жобасын мақсатты қаржыландыру бағдарламасы аясында дайындалды.

Гулден Ашкенова, Айнур Мажитова, Каламкас Есимова, Кайрат Батырбаев

УЧЕБНАЯ МИГРАЦИЯ ИЗ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В РОССИЙСКУЮ ФЕДЕРАЦИЮ: СОСТОЯНИЕ, МОТИВЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ

Аннотация. Статья подготовлена в рамках программы «Казахстано-российская граница: исторический контекст и новая геополитическая реальность» и основана на результатах социологического исследования «Учебная миграция из Республики Казахстан в Российскую Федерацию», проведенного авторами в 2018-2021 гг. В ходе исследования были опрошены граждане Казахстана, проживающие в приграничной территории и проходившие обучение в вузах России. В опросе участвовало 309 респондентов, которые учились в 30 вузах, на 50 специальностях. Опросы были проведены комбинировано: интервью, онлайн, по телефону. Также были проведены глубинные интервью со студентами бакалавриата, жителями Северо-Казахстанской области, находящимися в Казахстане в период пандемии. В статье раскрываются мотивы учащихся и перспективы учебной миграции. Также изучается вопрос влияния международной образовательной мобильности на процессы эмиграции в областях Казахстана, граничащих с Россией. Авторы выделили притягивающие и выталкивающие (Push/Pull) факторы миграционного процесса.

Ключевые слова: учебная миграция, образовательная миграция, Казахстан, Россия, молодежь, казахстано-российское приграничье, Border Studies, фронтьерская миграция, социологическое исследование.

Gulden Ashkenova, Ainur Mazhitova, Kalamkas Yessimova, Kairat Batyrbayev

EDUCATIONAL MIGRATION FROM THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN TO THE RUSSIAN FEDERATION: CONDITION, MOTIVES, PROSPECTS

Abstract. The article was prepared within the framework of the program “Kazakhstan-Russia border: historical context and new geopolitical reality” and is based on the results of the sociological study “Educational migration from the Republic of Kazakhstan to the Russian Federation”, conducted by the authors in 2018-2021. In the course of the study, citizens of Kazakhstan living in the border area and studying at Russian universities were interviewed. The survey involved 309 respondents – students of 30 universities and 50 specialties. The surveys were conducted in a combination: interviews, online, and by phone. In-depth interviews were also conducted with undergraduate students, residents of the North Kazakhstan region, who were in Kazakhstan during the pandemic. The article reveals the motives of students and the prospects for educational migration. The issue of the influence

of international educational mobility on the emigration processes in the Kazakhstan regions bordering Russia is also being studied. The authors identified the Push and Pull factors of the migration process.

Keywords: *study-related migration, educational migration, Kazakhstan, Russia, youth, Kazakh-Russian borderlands, Border Studies, frontier migration, sociological research.*

Кіріспе

Қазақстаннан Ресейге бағытталған оқу немесе білім алу көші-қоны Қазақстан-Ресей қатынастарының маңызды аспектісі, әсіресе, белсенді көші-қон ағындары жүретін шекара маңы аумағында маңызды болып табылады. Екі ел арасындағы құрлық шекарасының ұзындығы – 7598,8 км. Ресей мен Қазақстан шекарасында 51 өткізу пункті орналасқан: 20 теміржол өткізу пункті, 30 автомобиль өткізу пункті, 1 өзен арқылы өткізу пункті бар. Ресей Федерациясы жағынан Қазақстанмен 12 өңір шектеседі: Астрахан облысы, Волгоград облысы, Саратов облысы, Самара облысы, Орынбор облысы, Челябин облысы, Қорған облысы, Түмен облысы, Омбы облысы, Новосібір облысы, Алтай өлкесі, Алтай Республикасы. Қазақстан жағынан Ресеймен 7 өңір шектескен: Атырау облысы, Батыс Қазақстан облысы, Ақтөбе облысы, Қостанай облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Павлодар облысы, Шығыс Қазақстан облысы.

Қазақстандық білім алушылардың халықаралық білім алу ұтқырлығы (Academic mobility) – Қазақстан мен Ресей арасындағы өзара көші-қон әрекетінің бір бөлігі, оның үстіне, бұл мәселе – шекаралық зерттеулердің (Border Studies) объектісі.

Сондықтан, осы көші-қонның этникалық құрамы, көлемдері, қатысушылардың уәждемесі және де тағы басқалар қызығушылық тудырып отыр.

Ресейдегі шетелдік студенттерге арналған жоғары білім туралы ресми сайт – Ресей Федерациясының Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми мәліметтеріне сүйене отырып, мигранттардың саны туралы мынадай мәліметтер беріп отыр: «Ресей университеттеріндегі шетелдік студенттер арасында Қазақстан (61 462) және Өзбекстан (40 020) азаматтары көп. Алғашқы 12 елге Түрікменстан (36 389), Қытай (29 617), Тәжікстан (21 185), Үндістан (15 803), Украина (11 593), Беларусь (10 509), Мысыр (8731), Әзірбайжан (7884), Қырғызстан (7493) және Молдова (4258) кіреді» [1].

Зерттеу мақсаты: Қазақстан Республикасынан Ресей Федерациясына білім көші-қоны процесін зерттеу, Ресейде білім алудың негізгі себептерін анықтау.

Сонымен қатар, қазақстандық білім мигранттарының белсенділігінің артып келе жатқанын атап өткен жөн, ол басқалармен қатар студенттік бірлестіктер түрінде көрінеді. Әлеуметтік желілерде Ресейдегі қазақстандық студенттер бірлестіктері парақшаларының айтарлықтай санын табуға болады, бұған Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігінің ресми сайтындағы ақпарат дәлел (А кестесі).

Ресейдегі қазақстандық студенттер бірлестіктерінің парақшалары

Ресейдегі қазақстандық студенттердің «Жас Тұлпар» бірлестігі (РҚСБ)	https://vk.com/zhas_tulpar
ММУ Қазақстандық студенттерінің жерлестігі	https://vk.com/kz_msu
РХДУ-да «Сана» қазақ жерлестігі	https://vk.com/kz_sana_rudn
ММХҚИ қазақстандық студенттер клубы	https://vk.com/mgimokazakhstan
Н.Э. Бауман атындағы ММТУ қазақстандық студенттік жерлестігі	https://vk.com/kazahzem
И.М. Губкин атындағы Мұнай және газ РММ «Мұнайшы» қазақстандық жерлестігі	https://vk.com/club11892735
МБЖҚИ ҰЗТУ «Шаңырақ» қазақ жерлестігі	https://vk.com/club6670697
МГМУ студенттерінің қазақстандық диаспорасы	https://vk.com/club13241569
МАИ қазақтары	https://vk.com/kazakhi_mai
«Тұлпар» қазақстандық студенттер бірлестігі	https://vk.com/club317295

Дереккөз: https://kazembassy.ru/rus/studenty/spisok_obsh_organizacii_studen

Қазақстан жастары білім алуға баратын елдер арасында Ресей әрдайым алғашқы қатарда болды. Ф. Эберт атындағы қор өткізген «Орталық Азия жастары» жобасының бірінші толқынының (2014-2016) зерттеу нәтижесіне сәйкес, оқу көші-қоны аясында қазақстандықтар білім алу үшін келесі елдерді таңдайды – Ресей (29,6%), АҚШ (23,7%), ЕО елдері (16,3%) және Қытай (14,6%) [2].

Осы жобаның екінші толқыны (2019-2020) нәтижесі бойынша, қазақстандықтар білім алуға баратын елдер арасында АҚШ (29%) және Еуропалық Одақ елдерінен (23,4%) кейін Ресей 23,3% пайызбен үшінші орында тұр [3].

Оқу көші-қоны мәселелерін өз еңбектерінде Б.И. Ракишева, Д.В. Полетаев (Қазақстаннан Ресейге оқу көші-қоны) [4], Б.И. Ракишева, С.Е. Қошанова, А.Б. Мажитова, Г.Т. Ашкенова (Қазақстаннан ҚХР-ға оқу миграциясы) [5, 6], Е.Ю. Садовская (Қазақстаннан ҚХР-ға оқу миграциясы) [7], Б.Н. Бокаев, А.С. Жолдыбалина (Зияткерлік әлеуетті дамыту контексіндегі көші-қон трендтері) [8], Б.К. Рахимбекова (Ресей Федерациясындағы білім беру көші-қонының қазіргі тенденциялары) [9], Г.О. Насимова, С. Каплан, М.М. Бузуртанова, Г.Т. Илеуова, сарапшы М.М. Шибутов, Б.К. Рахимбекова, К.Е. Смагулов, Ю.В. Пойта, А.К. Жүнісова, Ш.Б. Халикова, К.Н. Карташов (Қазақстаннан білім беру көші-қонының себептері мен факторлары) [10, 11], сарапшы М.М. Шибутов (Қазақстаннан білім беру көші-қонының саяси факторлары) [12], Б.Н. Бокаев, А.Б. Қаймолдиев (зияткерлік көші-қон) [13], А.А. Нұрмагамбетов, Л.М. Иватова, Л.А. Хасенова (ҚР жоғары білім беру жүйесін жетілдіру контексіндегі білім беру көші-қоны) сияқты зерттушілер қарастырды [14].

С.В. Дементьева [15], Д.В. Полетаев, С.В. Дементьева [16], Д.В. Полетаев [17], О.М. Коморникова [18], А.А. Садырин [19], В.Ю. Леденева, О.В. Ломакина, А.М. Жүнісов, Б.Т. Бегасылов [20] сияқты бірқатар ресейлік зерттеушілер еңбектерін білім көші-қоны, инновациялық стратегиялар, жастар ортасында төзімділікті қалыптастыруға арнады.

2012 жылы К.А. Гаврилов, С.Н. Градировский, Е.Е. Письменная, С.В. Рязанцев, Е.Б. Яценкодан тұратын авторлық ұжым «ТМД және Балтық

елдерінен ағылған оқу көші-қоны: Ресей үшін әлеуеті мен келешегі» атты басылым дайындады, онда ТМД және Балтық елдерінен Ресей Федерациясына бағытталған оқу көші-қонының қалыптасқан үрдістеріне кешенді баға берілді [21].

Зерттеу әдістері

Респондентті іріктеу: жобаға Ресей Федерациясында бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша оқитын Қазақстан азаматтары қатысады. Респонденттер «қар жұмаршағы» әдісін қолдана отырып кездейсоқ таңдалды. **Зерттеу географиясы:** Орынбор облысы, Астрахан облысы, Алтай өлкесі және Алтай Республикасы, Волгоград облысы, Саратов облысы, Самара облысы, Челябин облысы, Қорған облысы, Омбы облысы, Новосібір облысы. **Зерттеу жүргізу уақыты:** сауалнама 2018-2021 жылдары жүргізілді. **Сауалнама әдісі:** аралас (Face-to-face (сұхбат), онлайн, телефон арқылы). **Зерттеу іріктемесі:** Зерттеу іріктемесі 16 жасқа толған 309 респонденттен тұрады. Респонденттердің орташа жасы – 19 жас. Тереңдетілген сұхбат: 30.

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары: респонденттердің 40,5% ер адамдар, 59,5% – әйелдер. Респонденттердің басым бөлігі – орыстар, олар респонденттердің 61% бөлігін құрады, 31,8% – қазақтар. 5,1% респондент өздерін татар, украин, неміс ұлтынан деп атады. Лағыш, башқұрт, армян, грузин, ингуш, өзбек, кәріс ұлтының өкілдерінен бір респонденттен болды.

Респонденттер Барнаул, Челябин, Новосібір, Саратов, Астрахан, Самара, Орынбор, Қорған, Волгоград жоғары оқу орындарында оқиды.

Респонденттер оқитын университеттер арасында Алтай мемлекеттік университеті, Челябин мемлекеттік университеті, Саратов ғылыми-зерттеу мемлекеттік университеті, Омбы мемлекеттік университеті, Сібір мемлекеттік қатынас жолдары университеті, Оңтүстік Орал мемлекеттік университеті және басқа да оқу орындары бар. Жалпы алғанда, 30-дан астам университет аталды.

Респонденттер оқитын мамандықтарды көрсету кезінде 50-ден астам мамандық анықталды. Жаратылыстану-техникалық, инженерлік және медициналық мамандықтарда оқитын респонденттердің саны гуманитарлық білім алатын респонденттер санынан асып түседі.

Респонденттер негізінен Қазақстанның солтүстік және батыс облыстарынан шыққандар.

Зерттеу нәтижелері

Респонденттердің 90,3% үшін өздері таңдаған ЖОО-да оқу – шетелде білім алу мен ұзақ тұрақтаудың алғашқы тәжірибесі. Респонденттердің басым көпшілігі Ресейден басқа елдерді қарастырмаған (93,5%). Тек 20 респондент (6,5%) ғана басқа елдерде, мысалы, АҚШ, Чехия, Оңтүстік Корея, Қытай, Ұлыбритания, Түркияда оқу нұсқасын қарастырған.

«Сіз жоғары білімді неліктен басқа елде алуды шештіңіз?» деген сұраққа респонденттердің жартысына жуығы (47,2%) «шетелдік жоғары оқу орындарында сапалы білім береді» деп жауап берді. Респонденттердің үштен бірінен аз бөлігі «оқитын елде оқу ақысы төмен» (29,4%) және «оқитын еліне тұрғылықты көшу

жоспары бар» (27,8%) деген жауап берді. Респонденттердің бестен бір бөлігі (21,7%) шетелдік ЖОО-ын «жаңа тәжірибе алу, ой-өрісін кеңейту мақсатында» таңдады.

1-кесте. Сіз жоғары білімді неліктен басқа елде алуды шештіңіз?

Жауаптың нұсқалары	Саны	Пайызы*
Шетелдік жоғары оқу орындарында сапалы білім алу	146	47,2
Оқитын елде оқу ақысы төмен	91	29,4
Оқитын елге тұрғылықты көшу жоспары бар	86	27,8
Жаңа тәжірибе алу, ой-өрісін кеңейту	67	21,7
Тұрғылықты елдегі жоғары оқу орындарына түсуге жоғары конкурс	54	17,5
Алған білімнің беделін арттыру мақсатында	50	16,2
Осы шешімді қабылдауыма ата-анам себеп болды	34	11,0
Тұрғылықты елде менің мамандығым бойынша оқытпайды	25	8,1
Менің шетелде білім алуым кездейсоқтық, күтпеген жерден таңдалды	11	3,6
Жауап беруге қиналамын	2	0,6

**Солма 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілей алды.*

«Неліктен нақты осы елді таңдадыңыз?» деген сұраққа жиі айтылған жауаптар – «Отанға географиялық жақындық» (48,2%) және «бұл елде сапалы білім береді» (44,3%). Респонденттердің төрттен бір бөлігі достары мен таныстарының ұсынысы бойынша таңдау жасады (23,3%).

2-кесте. Неліктен нақты осы елді таңдадыңыз?

Жауаптың нұсқалары	Саны	Пайызы*
Отанға (тұрақты тұратын елге) географиялық жақын орналасуы	149	48,2
Бұл елде сапалы білім береді	137	44,3
Достар, таныстар ұсынды	72	23,3
Бұл елде шетелдік студенттерге қамқорлық жасалады (визалық қолдау, жақсы жатақхана, төтенше жағдайда, медициналық көмекке жүгінген кезде студенттен тыс қолдау және т.б.)	55	17,8
Мұнда өмір сүру қызықты - ойын-сауық, қызықты орындар және т.б. көп (мәдени фактор)	54	17,5
Бұл елде мен таңдаған елдер арасында өмір сүру құны арзанырақ	32	10,4
Мұнда өмір сүру қауіпсіз, басқа елдерден келген адамдарға, басқа ұлт адамдарына жақсы қарайды	28	9,1
Ел кездейсоқ таңдалды	7	2,3
Осы елде оқу грантын жеңіп алдым	7	2,3
басқа жауаптар (респонденттердің сөзінен жазып алынды)		
Басқа тілді үйренудің қажеті жоқ	1	0,3
Елде қалып, жұмыс істегім келді	1	0,3
Қала ұнады	1	0,3
Жауап беруге қиналамын	12	3,9

**Солма 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілей алды.*

Респонденттердің жартысынан көбі Ресейде білім алу мүмкіндігі туралы «достары мен таныстардан» білді (58,6%). Респонденттердің үштен бірі бұл туралы Интернеттен оқыған (31,4%). Бұл туралы мемлекетаралық алмасу бағдарламалары бойынша ақпарат көздерінен білгендер үлесі 10%-ға жетпейді. 4,9% респондент ата-анасының кеңесін басшылыққа алған. 4,5% «шет мемлекет пен ҰЕҰ» арқылы білген.

3-кесте. Сіз бұл елде білім алу мүмкіндігі туралы қалай білдіңіз?

Жауаптың нұсқалары	Саны	Пайызы*
Достар мен таныстардан	181	58,6
Интернеттен	97	31,4
Өз мемлекетінен (алмасу бағдарламалары)	28	9,1
Шетелдік мемлекет немесе ҰЕҰ арқылы	14	4,5
басқа жауаптар (респонденттердің сөзінен жазып алынды)		
Ата-анасы кеңес берді	15	4,9
Қалаға келген соң жергілікті ЖОО-ға түсуге шешім қабылдады	2	0,6
Саратовтан келіп, лекция оқыды	1	0,3
Газеттен	1	0,3
Жауап беруге қиналамын	11	3,6

**Солма 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілей алды*

Респонденттерге оқитын елге келуіне қатысты жағымды тұстарды атап өту ұсынылды. Респонденттердің шамамен үштен екісі «жаңа таныстар» (67,3%) және «жаксы университет» (53,4%) сияқты оң тұстарды атап өтті, жартысынан көбі «дербестікті» (50,8%) жағымды деп келтірді. Респонденттердің бестен бір бөлігінен астамы «мәдениеттің жақындығы» (23,9%), «басқа өмір салты» (22,7%) және «жерлестердің болуы» (20,4%) сияқты жағымды тұстарды атады.

4-кесте. Оқу еліне келудің қандай жағымды тұстарын атап өтесіз?

Жауаптың нұсқалары	Саны	Пайызы*
Жаңа таныстар	208	67,3
Жақсы университет	165	53,4
Дербестік	157	50,8
Мәдениеттің жақындығы	74	23,9
Басқа өмір салты	70	22,7
Жерлестердің болуы	63	20,4
Ауа-райы	16	5,2
Тағамдары	3	1,0
Жауап беруге қиналамын	5	1,6

**Солма 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілей алды.*

Респонденттердің 38,8% оқуын аяқтағаннан кейін еңбек келісімшарты бойынша оқыған елде қалуды (ұзақ уақытқа, бірақ тұрақты тұруға емес) жоспарлап отыр. 28,5% респондент те осыған бейім (жауап «дәлірегі, иә»). Көріп отырғанымыздай, 67,3% респондент оқуын аяқтағаннан кейін сол елде жұмыс істеуді жоспарлайды, бірақ тұрғылықты қалу ниеті жоқ. Бұл сұраққа 12,9% респондент «дәлірегі, жоқ» деп жауап берді, 10% респондент оқуын аяқтағаннан кейін Ресейде ұзақ уақыт еңбек шарты бойынша жұмыс істеуді жоспарламайды. Сонымен, 22,9% респондент оқу аяқталған соң Ресейде қалуды жоспарламайтынын байқадық. Шамамен 10% респондент әлі шешім қабылдаған жоқ.

5-кесте. Сізде оқуды аяқтаған соң еңбек келісімшарты бойынша (ұзақ уақытқа, бірақ тұрақты тұрғылықты емес) оқу елінде қалу жоспары бар ма?

Жауаптың нұсқалары	Саны	Процент
Иә	120	38,8
Дәлірегі, иә	88	28,5
Дәлірегі, жоқ	40	12,9
Жоқ	31	10,0
Жауап беруге қиналамын	30	9,8
Барлығы	309	100,0

Оқу мигранты қатарындағы респонденттердің 68,6% оқу бітіргеннен кейін оқыған елге (Ресейге) тұрақты тұруға көшу жоспарлары бар.

Ал респонденттердің 23,6% «Сіздің оқып жатқан елге тұрғылықты көшу жоспарыңыз бар ма?» деген сұраққа «дәлірегі, жоқ» және «әрине, жоқ» деп жауап берді. 7,8% респондент жауап беруге қиналды.

6-кесте. Сіздің оқып жатқан елге тұрғылықты көшу жоспарыңыз бар ма?

Жауаптың нұсқалары	Саны	Процент
Иә	129	41,7
Дәлірегі, иә	83	26,9
Дәлірегі, жоқ	50	16,2
Әрине, жоқ	23	7,4
Жауап беруге қиналамын	24	7,8
Барлығы	309	100,0

Оқуды бітіргеннен кейін Ресейге көшу жоспарлары бар екенін айтқан 212 респондентке «Оқыған елге тұрғылықты көшу ниетінің негізгі себебі қандай?» деген сұрақ қойылды. 43,9% респондент «жұмысқа орналасу және мансаптық өсу келешегі», 37,7% респондент «оқитын елде өмір сүру сапасы жоғары» деген жауаптар айтты. 7,1% респондент «этникалық отаныма ораламын», 1,9% «туған-туыстарым тұрады» деп жауап берді. 5,7% респонденттің оқыған елдің өкілімен некелесу ниеті бар.

7-кесте. Оқыған елге тұрғылықты көшу ниетінің негізгі себебі қандай? (бұл сұраққа оқитын елге тұрақты тұруға көшуді жоспарлаған респонденттер ғана жауап береді – 212 респондент (68,6%))

Жауаптың нұсқалары	Саны	Процент
Жұмысқа орналасу және мансаптық өсу перспективасы	93	43,9
Оқитын елде өмір сүру сапасы жоғары	80	37,7
Этникалық отаныма оралу	15	7,1
Неке немесе оқыған елдің өкілімен некелесу жоспары	12	5,7
Туған-туыстарым тұрады	4	1,9
Өз отанында лайықты өмірді қамтамасыз ете алмау	2	0,9
Жауап беруге қиналамын	6	2,8
Барлығы	212	100,0

Оқуды бітіргеннен кейін отанына оралуды жоспарлаған респонденттерге (97 респондент) «Сіз не себепті оралып, Отаныңызда тұрғыңыз келеді?» деген сұрақ қойылды. 39,2% респондент «туыстары және жақын адамдарымен бірге өмір сүруге ұмтылу» деп жауап берді. 13,4% респондент «өз Отанында тұрып, жұмыс істеу» ниетіне берік, 12,4% респондент мәдениеті мен тілі жақын елге оралғысы келеді. 19,5% респондент жауап беруге қиналды.

8-кесте. Сіз не себепті оралып, отаныңызда тұрғыңыз келеді? (бұл сұраққа оқу бітіргеннен кейін отанына оралуды жоспарлаған респонденттер ғана жауап береді – 97 респондент (31,4%))

Жауаптың нұсқалары	Саны	Процент
Туыстарымен және жақын адамдарымен бірге өмір сүру ниеті	38	39,2
Отанында өмір сүру және жұмыс істеу	13	13,4
Мәдениеті мен тілі жақын елге оралу ниеті	12	12,4
Оқуды жалғастыру жоспары, басқа білім алу	9	9,3
Оқыған елде мамандығы бойынша жұмыс жоқ	2	2,1
Оқыған елде ұлттық немесе діни кемсітушілік бар	1	1,0
Өз елінен басқа жерде өзін-өзі қамтамасыз ете алмау	3	3,1
Жауап беруге қиналамын	19	19,5
Барлығы	97	100,0

Қорытынды

Экономика Жоғары Мектебі Ұлттық Зерттеу университетінің деректері бойынша, оқу мигранттарының арасында, «бұрынғы КСРО елдерінен Қазақстан (бұрынғы Кеңес Одағы республикаларынан келген студенттердің жалпы санының 36%), Өзбекстан (11%), Украина (11%), Түрікменстан (9%), Беларусь (8%) өкілдері ең көп» [22].

Қазақстаннан Ресейге бағытталған оқу көші-қонының ауқымы өседі деп болжалып отыр. Бұған ресейлік білімді экспорттаудың жаңа саясаты да ықпал етеді. Ресей Президенті жанындағы Стратегиялық даму және басым жобалар

жөніндегі кеңес төралқасы отырысының шешіміне сәйкес 2017 жылғы 30 мамырда «Ресей білім беру жүйесінің экспорттық әлеуетін дамыту» басым жобасының паспорты бекітілді. Осы құжаттың кіріспесінде айтылғандай, «жобаның басты мақсаты – білім беру қызметтерінің халықаралық нарығында ресейлік білімнің тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру және осылайша Ресей Федерациясының шикізаттық емес экспортын арттыру. Жобаны іске асыру мерзімі – 2017 жылғы мамырдан бастап 2025 жылғы қарашаға дейін (қоса алғанда)» [23].

Шетелдік студенттерді тарту мақсатында Ресейдің мемлекеттік құрылымдары мен ЖОО-дары ақпараттық рекрутингтік интернет-сайттарды, сондай-ақ, студенттердің пән олимпиадаларына тіркелу сайттарын іске қосты, осы олимпиадалар арқылы ресейлік ЖОО магистратурасына талапкерлер тартылады (мысалы, Open Doors халықаралық олимпиадасы: Russian Scholarship Project) [24]. Іріктеудің барлық кезеңдері онлайн режимде өткізіледі.

Сондай-ақ, шетел азаматтарын Ресейде білім алуға іріктеу үшін RUSSIA. STUDY ресми сайты жұмыс істейді [25].

Қазақстандықтардың Ресей Федерациясына қарай оқу көші-қоны көлемінің ұлғаюына бірқатар тартушы факторлар ықпал етеді (Pull factors):

1) визалық кедергілердің жоқтығы мен екі елдің географиялық жақындығы. Екі елді әлемдегі ең ұзын үздіксіз құрлық шекарасы бөлген. Шекаралық пункттер арқылы (соның ішінде әуежайлардағы) шетелдік паспорт бойынша да, қазақстандық жеке куәлік бойынша да виза рәсімдеусіз өтуге болады. Қазақстанның 14 облысының 7-еуі (Атырау облысы, Батыс Қазақстан облысы, Ақтөбе облысы, Қостанай облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Павлодар облысы, Шығыс Қазақстан облысы), яғни жартысы, федералдық маңызы бар ірі жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтары орналасқан Ресей өңірлерімен шектеседі;

2) тілдік кедергі жоқтығы (Қазақстанның барлық түкпірінде орыс тілді орта мектептер бар, қазақ мектептерінде орыс тілі оқытылады);

3) ресейлік жоғары оқу орындарына түсудің икемді шарттары: қазақстандық ҰБТ мен ресейлік ЕГЭ (Единый Государственный Экзамен)/ БМЕ (Бірыңғай мемлекеттік емтихан) емтихан форматы мен мазмұны жағынан айтарлықтай ерекшеленсе де, ресейлік қабылдау емтихандарының жүйесі өте икемді, ТМД елдерінің түлектеріне қабылдау емтихандарын талапкерлер үшін қолайлы үлгіде тапсыруға мүмкіндік береді, ресейлік жоғары оқу орындарында ТМД талапкерлеріне арналған емтихан сынақтарының бөлек үлгісі бар;

4) Ресей университеттерінің «оқуға қабылдау науқандары»: оқу жылы аяқталғанға дейін шекаралас аймақтағы Ресей ЖОО-дары көрші елдерден талапкерлерді тарту мақсатында ақпараттық жұмыстар жүргізеді, қабылдау және емтихан комиссиялары жұмыс істей бастайды, әдетте қабылдау науқаны қараша-желтоқсан айларында басталады. Сондай-ақ, Ресейдің шекаралас университеттері жоғары сынып оқушылары үшін халықаралық пән

олимпиадаларын ұйымдастырады, олардың жеңімпаздары мен дипломанттары Ресей университеттеріне қабылданады;

5) қаржылық фактор: жоғары балл жинаған жағдайда, пән олимпиадаларының дипломдарына иелік еткен жағдайда, ТМД-дан оқуға қабылданған талапкерлер Ресей тарапының бюджет қаражаты есебінен оқуға мүмкіндік алады. Студент жеке қаражаты есебінен оқитын болса, Ресейдің аймақтық университеттеріндегі оқу құны Қазақстан университеттерімен салыстырғанда едәуір арзан екенін атап өткен жөн;

6) көші-қон факторы: көптеген этникалық орыстар үшін ресейлік университетте білім алу кейіннен Ресейге қоныс аударудың логикалық қадамы. Қазақстандық жас мигранттар үшін Ресей ЖОО-да оқу – бейімделу кезеңі, оның барысында олар қабылдаушы қоғамға бейімделіп, оның құндылықтары мен ұстанымдарын сіңіреді;

7) шекара аумағында қазақ/қазақстандық қауымның болуы. Шекаралас облыстардан келген көптеген мигранттардың Ресей жағында туыстық, отбасылық және достық байланыстары бар. Мұнда тек этникалық факторды ғана емес, сонымен бірге шыққан елдің (Қазақстаннан келген орыстар) факторын да ескеру қажет. Қазақстаннан көшіп келгендерден тұратын қазақстандық қауымдар ірі қалаларда да бар (мысалы, Калининград, Новосібір);

8) сарапшы М.М. Шибутовтың пікірінше, орыс білім беру жүйесінің «тарихи-саяси артықшылықтары бар (бір мемлекетте ұзақ өмір сүру, тіл және мәдениет ортақтығы, арнайы білім беру бағдарламалары арқылы бұрыннан бар байланыстарды қолдауға деген ұмтылыс, аймақтағы ұзақ үстемдік ету барысында даму үлгілерін қалыптастыру)» [12].

Итеруші факторларға (Push factors) мыналарды жатқызуға болады:

1. Қазақстанның білім беру саласындағы үздіксіз реформалар факторы: білім беру саласындағы тоқтаусыз реформалар, қазақстандық жоғары оқу орындарына түсу шарттары мен үлгілерінің өзгеріп тұруы талапкерлер мен олардың ата-аналарын жоғары білім алудың басқа нұсқаларын іздеуге мәжбүр етеді,

2. Қаржылық фактор: жоғары білім нарығындағы бағаның үнемі өсуі,

3. Қоғамдық пікір факторы: Ресейдің жоғары оқу орындарындағы оқу сапасы Қазақстанның жоғары оқу орындарына қарағанда әлдеқайда жоғары деген пікірдің болуы.

Нәтижелерді талқылау

Білім алушыларға жүргізілген сауалнама нәтижелеріне, статистикалық деректерге, зерттеушілер мен сарапшылардың пікірлеріне, көші-қон үдерісінің тартушы/итеруші (Push/Pull factors) факторларына талдау жасау Қазақстаннан Ресейге бағытталған білім алушы мигранттар ағынының ұлғаю ықтималдығын көрсетіп отыр. Пандемия салдарынан алыс шетелге бару-келу қиындығының артуы да білім алушы мигранттардың Ресей бағытын таңдауына себеп болып, ағынның ұлғаюына әсер етуі мүмкін.

Білім қуушы мигранттардың санының артуы туралы экономист, Стратегиялық бастамалар орталығының аға серіктесі Олжас Құдайбергенов «мектеп бітіргеннен кейін Ресей мен Қытайдың жоғары оқу орындарына түсетін қазақстандықтардың саны 2022 жылдан бастап жыл сайын 100 мың адамнан асады, ал 2025 жылға қарай осы екі елде оқитындардың саны 500 мың адамнан асады» деген пікір айтты [26].

Дегенмен, сыртқы немесе халықаралық ұтқырлық (mobility) мигранттардың шетелде қалуы, зияткерлердің жылыстауы сияқты жағымсыз жәйттар тудыруы мүмкін. А. Жолдыбалина мен Б. Бақаевтың пікірінше, бұл шекаралас өңірлерде қатты байқалады, «табыс деңгейінің және жергілікті жердің даму деңгейінің сәйкес келмеуі, әлеуметтік салаға, қауіпсіздік деңгейіне, инфрақұрылым сапасына қанағаттанбау осы салалардың қоныс аудару себептері ретінде аталуына байланысты халықтың көші-қон көңіл-күйіне теріс әсер етуі мүмкін». Авторлар «Ресей Федерациясының жастарды қабылдаудың негізгі елі ретінде бірқатар артықшылықтары бар – оқу ақысының төмендігі, тұрмыс жағдайының артықтығы, сондай-ақ имидждік компонент – Ресей университеттерінің беделі» деп көрсетеді [8].

«Орталық Азия елдеріндегі жастардың сыртқы көші-қоны: тәуекелдерді талдау және жағымсыз салдарды азайту» баяндамасының авторлары Орталық Азия елдерінен жұмысқа немесе оқуға кеткен жастардың қайтпайтын көші-қон әлеуетінің өсу үрдісін 30-35% шамасында болуы мүмкін және оның өсу тенденциясы бар деп бағалады [27].

Осы және басқа да тәуекелдер білім беру стратегиясын қалыптастыру барысында ескеріліп талдауды қажет етеді. Өкінішке қарай, зерттеушілер тарапынан Қазақстанға және Қазақстаннан бағытталған оқу көші-қоны, халықаралық академиялық ұтқырлық үдерістерін зерттеуге көңіл бөлу аз. Бұл зерттеу объектісі аталған жағдайға әсер ететін факторларды тереңірек түсіну үшін тұрақты зерттеу өлшемдерін жүргізуге зәру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Официальный сайт о высшем образовании в России для иностранных студентов // URL: <https://studinrussia.ru/actual/articles/rekordnoe-kolichestvo-inostrannykh-studentov-vybrali-rossiyu-v-2020-godu/> (дата обращения: 07.12.2021).
институттар жұмысының мақсаттары мен міндеттерін қайта қарастырғаны абзал. Мәдениет секторын табыс әкелетін салаға айналдыру барысында мемлекеттегі мәдени саланың жағдайын терең талдау, сонда жұмыс атқаратын мамандарға тиімді білім беру бағдарламаларын зерттеп қарастыру мен дамыту маңызды қадам болып табылады. Францияның мәдени секторының экономикалық салмағы тамақ өнеркәсібінің салмағымен тең деуге болады, тіпті автомобиль өнеркәсібінен екі есе көп. Оның мәдениетінің белсенді ілгерілеуі мен әлемдік имиджінің арқасында бұл сектор оған 2017 жылы 47,5 миллиард еуро табыс әкелді [12].

Төмендегі диаграмма 2017 жылдағы мәдениет саладағы секторлардың экономикалық салмағын көрсетеді.

**Мәдениет саласындағы қосалқы секторлардың миллиард еуроға көрсетілген экономикалық салмағы (2016-2017 ж).
(Францияның мәдениет министрлігі жасаған көрсеткіш)**



1-диаграмма. Мәдениет саласындағы экономикалық салмақ (DEPS, 2019).

Францияның тәжірибесіне сүйене отырып, елдер өздерінің мәдени өндірісінің байлығын пайдаланып, шикізаттан ақылды экономикаға көшуі үшін мәдени экономиканы дамыту керек. Ұлттық мәдени әлеуетті арттыру – Орталық Азия елдерін әлемдік мәдени кеңістікке ықпалдастыруға және тиімді халықаралық ынтымақтастықты орнатуға мүмкіндік береді.

Орталық Азия елдері мәдени секторды «жұмсақ күштің» маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыра алады, өйткені әлемдік алаңда жағымды имиджді қалыптастыруда бұл салада үлкен әлеует бар. Яғни, халықаралық мәдени туризмді дамыту мен бүкіл әлем бойынша өзіміздің бірегей мәдениетімізді (дәстүрлі кейпінде немесе қазіргі заманға сай қылып ұсыну) ілгерілету арқылы аймағымызға деген қызығушылықты арттыруға болады.

Франция үшін туристтер ағымы мәдени экономиканы көтеретін маңызды бағдары болып табылады. Экспорттық нарықта олардың мәдениеті тек экономикалық қана емес, сонымен бірге стратегиялық актив болып табылады.

Француз брендин шетелде жылжытуда мәдени және шығармашылық салалар маңызды рөл атқарады, өйткені олар шетелдіктер үшін өте тартымды көрінеді. Мемлекеттің мәдениет саласындағы мүдделілігі мен сол саладағы сауатты құрылған саясаты әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал етеді, инновациялық дамуы мен экономикалық қуатын ынталандырады.

Аймақтағы елдер жақсы туристік әлеуетке ие болса да, туризмнің басым түрлерінің даму деңгейі жеткіліксіздік және сервис сапасы төмен болып табылады. Қазақстан мен Қырғызстанның аймақтық және әлемдік деңгейдегі рыноктарда танылуын белсенді елдік маркетинг және «номадизм - көшпенділік» секілді ұлттық өзіндік мәдениетін ілгерілету есебінен жүзеге асыруға болады. Шетелдіктер солардың мәдениетін өзгеше және қызық құбылыс ретінде қабылдайды, сондай-ақ, тарихи-мәдени мұраның аты аңызға айналған «Ұлы Жібек жолы» магистралі аймақтың тартымдылығын арттырады.

ОА елдерінің мәдени ортасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін, кейін мәдениет саласының мемлекеттік бюджетке елеулі кіріс әкелуі үшін сол сектордың бизнес стратегиясын әзірлей алатын тәжірибелі менеджерлер мен әкімшілер қажет. Мәдениет саласындағы мамандарды оқыту бағдарламасына тек теориялық аспектілері бар пәндердің сағаттарын қысқарта отырып, менеджментпен, кәсіпкерлікпен, стратегиялық жоспарлаумен және маркетингпен байланысты элективті пәндерді қосу қажет [13]. Осыған байланысты Францияның ұлттық мәдени брендингті алға жылжытудағы тәжірибесін қабылдау қажет. Француз мамандарының осы саладағы Орталық Азия қызметкерлерін оқытуы солар үшін пайдалы және қаржы жақтан қол жетімді болар еді. Бұл елде шетелдік студенттерге білім беру шығындары басқа шетелдік, озық елдерге қарағанда әлдеқайда арзан. Францияның аймаққа сәтті тәжірибелерін енгізу үшін, алдымен мамандар қажетті дағдыларды игеру керек, алайда тілдік мәселе бұны жүзеге асыру жолында елеулі кедергі болуы мүмкін. Сондықтан, осы мақсаттарды іске асыру үшін жоғары мәдени оқу орындарындағы бағдарламалар студенттерге Мольер тілін меңгеруге мүмкіндік беру керек.

Қорытынды

Мақалада айтылған ынтымақтастықтың бағыты – ұзақ мерзімді болып табылады және Францияның Орталық Азияға, әсіресе, Қазақстан мен Өзбекстанға деген артықшылықты қатынасын сақтау құралы бола алады. Себебі Қазақстанның экономикалық мүмкіндіктері мен ресурстары және Өзбекстанның туристік мүмкіндіктері Францияны бұл елдерді өзінің құнды одақтастары ретінде қарастыруға итермелейді. Олардың арасындағы байланыстар мен сенімді одан әрі нығайту үшін Франция бүкіл өңірдегі мәдени және гуманитарлық салада әлдеқайда терең ынтымақтастықты дамытуға тиіс. Тіпті, жаһандық эпидемиологиялық дағдарыс кезінде де ОА аймағында француз мәдени әсерін сақтау және арттыру үшін үлкен нәтижелерге қол жеткізуге болады. Өйткені, интернет пен ақпараттық-

коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктері дипломатиялық мәселелерді шешуге жағдай жасайды. Осылайша, Орталық Азия республикалары мен Франция арасындағы саяси диалогының жаңа дамуы мен тереңдеуі жүріп жатыр, олар онға жуық ынтымақтастық жобасын іске асыру үшін көп күш жұмсалды. Бірақ тараптардың зор әлеуеті бола тұра өзара қарым қатынастардың қазіргі деңгейі мен қол жеткізілген нәтижелері өзара тиімді мүдделерін қанағаттандыра алмайды. Соңғы жылдары елдер арасындағы қатынастар айтарлықтай жанданған, алайда тараптар арасындағы жоғары деңгейдегі сапарлар жиілей түссе, ынтымақтастығы үшін ортақ құқықтық база кеңейтілсе одан да жақсы нәтижелерге қол жеткізе алар еді, және де олардың жоспарлары экономика мен мәдениеттің перспективалы салаларында іске асырылатын еді.

Қазақстан және Орталық Азия мемлекеттері Франциядан және ЕО-тың басқа да мүше мемлекеттерінен аймақты дамытуға бағытталған түрлі жобаларды қаржыландыруға арналған нақты инвестицияларды күтеді. Алайда, егер Франция Орталық Азия елдерін дамытуға бағытталған көмек мәселелерін шешуге асықпаса және түпкілікті мақсаттарды жеткілікті айқындамайтын қарым-қатынас стратегияларын таңдаса, оның қатынастарындағы бос қалған орнын Германия, Қытай немесе Ресей сияқты неғұрлым мүдделі елдер толтырады.

Францияның мәдени саясатын министрліктер мен муниципалитеттер деңгейінде зерттей отырып, мен «өнерге 1% үлес» деп аталатын француз тәжірибесін енгізуді ұсынғым келеді. Яғни, Мәдениет және спорт министрлігі қала әкімдігіне өнер туындысын сатып алу немесе тапсырыс беру үшін бюджеттің 1% - ын жоспарлап бөлуді тапсыра алады. Бұл пайызды көбейтуге болады, бірақ 1% міндетті минимум болады.

Бір немесе бірнеше өнер туындылары конкурс нәтижелері бойынша ең жоғары сомасы 7 500 000 теңгеге дейін сатып алынуы немесе тапсырыс берілуі мүмкін. Францияда муниципалитеттер жоба жеңімпаздарына шамамен 30 000 евро бөледі. Сондай-ақ, әкімдік жанындағы мәдениет басқармасының әрбір бөлімінде үздік көркем жобаларды іріктеп алатын, кейін сол жобалардың іске асырылуын бақылайтын көркемдік комиссия құруға болады. Францияда көптеген жағдайларда комиссия қаланы безендіруге арналған жобаларды таңдайды (қала қабырғаларындағы фрескалар немесе обманка). Комиссия жобалардың үздік авторларын әкімге немесе қалалық мәдениет бөлімінің басшысына ұсынады, олар қорытынды шешім қабылдауға құқылы. Бұл тәжірибе шығармашылық, сәулет және мұра бостандығына, сонымен қатар шығармалар мен олардың авторларының алуан түрлілігіне бағытталған. 1950 жылдардан бастап «өнерге 1% үлес» Францияда 12000 жобаның жүзеге асуына және 4000-нан астам талантты суретшілердің әйгілі болуына мүмкіндік берді. Мұндай мәдени көмектің мақсаты – көркем шығармашылықты қолдап, алға жылжыту болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Пентегова А. В. Концепт гуманитарного сотрудничества в современной системе международных отношений // Vestnik ZabGU. 2019. Т. 25. № 4
2. Susann Heinecke. France and Central Asia - Time for a new vision // CIFE Policy Paper N 73. Nice 2018
3. Официальный сайт Министерства иностранных дел Французской Республики. Политика Франции в Центральной Азии // URL: <http://www.diplomatie.gouv.fr/en/country-files/central-asia/france-and-central-asia/article/french-policy-in-central-asia> (Доступ: 11.09.21).
4. Паскаль Лоро: Франция – идеальный партнер для стран Центральной Азии. Центральноазиатское бюро по аналитической журналистике // URL: <https://cabar.asia/ru/paskal-loro-frantsiya-idealnyj-partner-dlya-stran-tsentralnoj-azii?pdf=29899> (Доступ: 18.09.21).
5. Etienne Combiere. Le français a-t-il encore un avenir en Asie centrale ? Le site des associations à but non lucratif Novastan France à Paris [Electronic resource] // - URL: <https://novastan.org/fr/decryptage/le-francais-a-t-il-encore-un-avenir-en-asie-centrale/> (Accessed: 27.09.21).
6. Alistair MacDonald. COVID-19 and soft power // British Council Worldwide official website, 2020 [Electronic resource] // - URL: <https://www.britishcouncil.org/research-policy-insight/insight-articles/covid-19-and-soft-power> (Accessed 05.10.21).
7. Le site du ministère de l'Europe et des affaires étrangères. Journée mondiale de l'aide humanitaire // URL: <https://www.diplomatie.gouv.fr/fr/politique-et-rapprochement/article/journee-mondiale-de-l-aide-humanitaire-19-08-20> (Accessed: 09.10.21).
8. Специалисты Узбекистана и Франции обменялись опытом по борьбе против Covid-19. UZDAILY (Онлайн издание, освещающее главные деловые и политические события Узбекистана и стран ЦА) // - URL: <https://www.uzdaily.uz/ru/post/52322> (Доступ: 14.10.21).
9. Le site du ministère de l'Europe et des affaires étrangères. France - Asie centrale. Asie centrale – Rencontres de Jean-Baptiste Lemoine avec les communautés françaises établies au Kazakhstan, en Ouzbékistan, au Turkménistan, au Kirghizstan et au Tadjikistan // - URL: <https://www.diplomatie.gouv.fr/fr/dossiers-pays/turkmenistan/evenements/article/asie-centrale-rencontres-de-jean-baptiste-lemoine-avec-les-communautes> (Accessed: 15.10.21).
10. Посол Жан Галиев: «Партнёрство не измеряется только в денежном эквиваленте». Деловой Казахстан (Республиканская экономическая газета) // - URL: https://www.dknews.kz/inner-news.php?id_cat=27%20&&%20id=178054 (Доступ: 06.11.21).
11. Macrae J., Leader N. Shifting sands: the search for "coherence" between political and humanitarian responses to complex emergencies. London: OJD, 2000. 84 p.
12. Laure Turner. Le poids économique direct de la culture en 2017 // Département des études, de la prospective et des statistiques, 2019 - 1 - Culture Chiffres [The direct economic weight of culture in 2017 // Department of Studies, Prospective and Statistics, 2019 - 1 - Culture Figures]
13. Kim S., Goncharova A. Analysis of problems associated with insufficient qualifications and a shortage of specialists in the field of culture of Kazakhstan // Cultural Skills Study Summary, supported by British Council.

REFERENCES:

1. Pentegova A.V. Kontsept gumanitarnogo sotrudnichestva v sovremennoy sisteme mezhdunarodnykh otnosheniy [The concept of humanitarian cooperation in the modern system of international relations] // Vestnik ZabGU. 2019. Т. 25. № 4
2. Susann Heinecke. France and Central Asia - Time for a new vision // CIFE Policy Paper N 73. Nice 2018
3. Ofitsialnyi sait Ministerstva inostrannykh del Frantsuzskoy Respubliki. Politika Frantsii v Tsentral'noi Azii [The website of the Ministry of Foreign Affairs of the French Republic - France's policy in Central Asia] // - URL: <http://www.diplomatie.gouv.fr/en/country-files/central-asia/france-and-central-asia/article/french-policy-in-central-asia> (Accessed: 11.09.21).
4. Paskal Loro: Frantsiya – idealnyy partner dlya stran Tsentralnoy Azii. Tsentralnoaziatskoye byuro po analiticheskoy zhurnalistike [Central Asian Bureau for

-
- Analytical Reporting. Pascal Loro: France is an ideal partner for Central Asian countries // URL: <https://cabar.asia/ru/paskal-loro-frantsiya-idealnyj-partner-dlya-stran-tsentralnoj-azii?pdf=29899> (Accessed: 18.09.21).
5. Etienne Combiere. Le français a-t-il encore un avenir en Asie centrale ? Novastan.Org [Electronic resource] / The website of the non-profit associations Novastan France in Paris / URL: <https://novastan.org/fr/decryptage/le-francais-a-t-il-encore-un-avenir-en-asie-centrale/> (Accessed: 27.09.21).
 6. Alistair MacDonald. COVID-19 and soft power // British Council Worldwide official website, 2020 [Electronic resource] // - URL: <https://www.britishcouncil.org/research-policy-insight/insight-articles/covid-19-and-soft-power> (Accessed 05.10.21).
 7. Le site du ministère de l'Europe et des affaires étrangères. Journée mondiale de l'aide humanitaire [The website of the Ministry for Europe and Foreign Affairs. World humanitarian aid day] // - URL: <https://www.diplomatie.gouv.fr/fr/politique-etrangere-de-la-france/action-humanitaire-d-urgence/actualites-et-evenements/article/journee-mondiale-de-l-aide-humanitaire-19-08-20> (Accessed: 09.10.21).
 8. Spetsialisty Uzbekistana i Frantsii obmenyalis' opytom po bor'be protiv Covid-19. UZDAILY (Onlayn izdaniye, osveshchayushcheye glavnyye delovyye i politicheskiye sobytiya Uzbekistana i stran TSA) [Experts from Uzbekistan and France exchanged experience in the fight against Covid-19. UZDAILY (Online publication covering the main business and political events of Uzbekistan and Central Asian countries)] // - URL: <https://www.uzdaily.uz/ru/post/52322> (Accessed: 14.10.21).
 9. Le site du ministère de l'Europe et des affaires étrangères. France - Asie centrale. Asie centrale – Rencontres de Jean-Baptiste Lemoine avec les communautés françaises établies au Kazakhstan, en Ouzbékistan, au Turkménistan, au Kirghizstan et au Tadjikistan [The website of the Ministry for Europe and Foreign Affairs. France - Central Asia. Central Asia - Meetings of Jean-Baptiste Lemoine with the French communities established in Kazakhstan, Uzbekistan, Turkmenistan, Kyrgyzstan and Tajikistan] // - URL: <https://www.diplomatie.gouv.fr/fr/dossiers-pays/turkmenistan/evenements/article/asie-centrale-rencontres-de-jean-baptiste-lemoine-avec-les-communautes> (Accessed: 15.10.21).
 10. Posol Zhan Galiev: «Partnorstvo ne izmeryayetsya tol'ko v denezhnom ekvivalente». Delovoy Kazakhstan (Respublikanskaya ekonomicheskaya gazeta) [Ambassador Zhan Galiev: «Partnership is not measured only in monetary terms». Business Kazakhstan (Republican economic newspaper)] // - URL: https://www.dknews.kz/inner-news.php?id_cat=27%20&&%20id=178054 (Accessed: 06.11.21).
 11. Macrae J., Leader N. Shifting sands: the search for "coherence" between political and humanitarian responses to complex emergencies. London: OIDA, 2000. 84 p.
 12. Laure Turner. Le poids économique direct de la culture en 2017 // Département des études, de la prospective et des statistiques, 2019 - 1 - Culture Chiffres [The direct economic weight of culture in 2017 // Department of Studies, Prospective and Statistics, 2019 - 1 - Culture Figures]
 13. Kim S., Goncharova A. Analysis of problems associated with insufficient qualifications and a shortage of specialists in the field of culture of Kazakhstan // Cultural Skills Study Summary, supported by British Council.

Жазира Идрышева¹, Айғаным Игамбекова²

*¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
тарих ғылымдарының кандидаты
(Алматы, Қазақстан)
e-mail: idrysheva7@gmail.ru*

*²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты
(Алматы, Қазақстан)
e-mail: igambekova89@mail.ru*

ҚР ЖӘНЕ ҚХР АРАСЫНДАҒЫ ШЕКАРА МАҢЫ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жыл кезеңіндегі сауда-экономикалық қатынастардың құқықтық негізіне жан-жақты талдау жасалып, екі жақты ынтымақтастықтағы сауда-экономикалық саясаттың рөлі анықталды. Сауда-экономикалық қатынастардағы шекара маңы сауда ынтымақтастығына басты назар аударылды. Сауда-экономикалық қатынастар бойынша заңнамалық құжаттарды талдау нәтижесінде авторлар осы құжаттардың екі жақты сауда саясатының дамуына және болашаққа болжам жасауға оң әсер етті деген қорытынды жасады. Мақала жазу барысында жалпы ғылыми (жүйелік) және арнайы заңнамалық (формалды-логикалық, құрылымдық-заңнамалық) зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеуде тарихи-құқықтық зерттеу әдісі басымдыққа ие. Бұл әдіс Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономика саласындағы нормалардың тарихи дамуының заңдылығын анықтауға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: *Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, дипломатиялық қарым-қатынас, саяси-экономикалық ынтымақтастық, шекара маңы ынтымақтастығы, арнайы экономикалық аймақтар, сауда саясаты, екі жақты келісімдер, бірлескен мәлімдеме.*

Жазира Идрышева, Айғаным Игамбекова
**ПОЛИТИКО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ПРИГРАНИЧНЫХ
ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ РК И КНР**

Аннотация. В статье проведен всесторонний анализ правовой основы торгово-экономических отношений за 30-летний период дипломатических отношений между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой,

определена роль торгово-экономической политики в двустороннем сотрудничестве. Особое внимание было уделено приграничному торговому сотрудничеству в торгово-экономических отношениях. В результате анализа законодательных документов по торгово-экономическим отношениям авторы сделали вывод о том, что данные документы положительно повлияли на развитие двусторонней торговой политики и прогноз на будущее. При написании статьи использовались общенаучные (системные) и специальные законодательные (формально-логические, структурно-законодательные) методы исследования. В исследовании приоритетным является метод историко-правового исследования. Данный метод позволил выявить закономерность исторического развития норм в торгово-экономической сфере между Казахстаном и Китаем.

Ключевые слова: *Республика Казахстан, Китайская Народная Республика, дипломатические отношения, политико-экономическое сотрудничество, приграничное сотрудничество, специальные экономические зоны, торговая политика, двусторонние соглашения, совместное заявление.*

Zhazira Idrysheva, Aiganym Igambekova

POLITICAL AND LEGAL REGULATION OF BORDER TRADE AND ECONOMIC RELATIONS BETWEEN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND CHINA

Abstract. The article provides a comprehensive analysis of the legal basis of trade and economic relations over the 30-year period of diplomatic relations between the Republic of Kazakhstan and the People's Republic of China, defines the role of trade and economic policy in bilateral cooperation. Special attention was paid to cross-border trade cooperation in trade and economic relations. As a result of the analysis of legislative documents on trade and economic relations, the authors concluded that these documents had a positive impact on the development of bilateral trade policy and the forecast for the future. When writing the article, general scientific (systemic) and special legislative (formal-logical, structural-legislative) research methods were used. The method of historical and legal research is a priority in the study. This method made it possible to identify the regularity of the historical development of norms in the trade and economic sphere between Kazakhstan and China

Keywords: *Republic of Kazakhstan, People's Republic of China, diplomatic relations, political and economic cooperation, cross-border cooperation, special economic zones, trade policy, bilateral agreements, joint statement.*

Кіріспе

Мақалада Қазақстан Республикасы (ҚР) мен Қытай Халық Республикасы (ҚХР) арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жыл кезеңіндегі

сауда-экономикалық қатынастардың құқықтық негізіне жан-жақты талдау жасалып, екі жақты ынтымақтастықтағы сауда-экономикалық саясаттың рөлі анықталды. Зерттеу жұмысы екі жақты сауда-экономикалық саладағы заңнамалық құжаттар, статистикалық мәліметтер негізінде орындалды. Мақалада зерттеу мақсаты мен міндеттері қойылған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы, зерттеу әдістері тұжырымдалған. Сауда-экономикалық қатынастардағы шекара маңы сауда ынтымақтастығына басты назар аударылған. Сауда-экономикалық қатынастар бойынша заңнамалық құжаттарды талдау нәтижесінде авторлар осы құжаттардың екі жақты сауда саясатының дамуына және болашаққа болжам жасауға оң әсер етті деген қорытынды жасады. Алынған мәліметтер екі мемлекеттің сауда-экономикалық тиімділігі мәселелерін өзара шешу кезінде үлес қосады.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда және экономикалық ынтымақтастықтың жай-күйі көп жағдайда берілген мәселе жөніндегі екі елдің заңнамасымен анықталады. Екі ел арасындағы ынтымақтастықтың ұлттық ерекшеліктері ұлттық экономиканың даму деңгейі мен ішкі және сыртқы саясатпен шешілетін мақсаттармен айқындалады. Сондықтан Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың келісімдік-құқықтық базасының тұрақты дамуы заңды және екі жақты сауда-экономикалық қатынастарда ерекше үлесті құрайтын шекара бойындағы сауда саласындағы мемлекеттердің екі жақты қатынасының дамуы мемлекеттік және аймақтық деңгейде сараланады.

Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстары қазақстандық экономист ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Олардың ішінде: Қазақстан Республикасының әлемдік кеңістікке бейімделуі мен интеграциялану туралы зерттеген Н. Есенғарин, А. Қошанов, М. Кенжегузин, Н. Мамыровты; Қазақстанның сыртқы саудасы, инвестиция тарту мәселелерін ғылыми зерттеу бағытына айналдырған Р. Қамшыбаев, А. Нұрсейітов, Н. Нұрлановты, А. Жайлауованы, М. Омарованы; Республиканың сыртқы экономикалық байланыстарына еңбектерін арнаған Қ. Тоқаев, Р. Елемесов, К. Арыстанбеков, Қ. Сұлтановты және де Қазақстан мен Қытай арасындағы шекара маңы ынтымақтастығын жан-жақты зерттеген К. Сыроежкінді атап өтуге болады.

2011 жылы М. Омарованың «Орталық Азия мен Қытай арасындағы байланыстар (1992-2010)» атты монографиясы жарық көрді. Монографияда Орталық Азия республикаларының тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қытай Халық Республикасымен байланыстары қарастырылған. Тараптар арасындағы саяси, қауіпсіздік, сауда-экономикалық, мәдени салалардағы ынтымақтастықтың дамуына талдау жасалынған.

Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстар белгілі саяси қайраткер, дипломат Қ. Сұлтановтың да зерттеу еңбектерінің негізін құрайды. Ол өзінің зерттеулерінде Қазақстан мен Қытай арасындағы екіжақты байланыстың қалыптасуы мен дамуын, Қазақстан мен Қытайда жүргізілген экономикалық реформаларға баға бере отырып, олардың болашағы жөнінде сөз қозғайды.

Қытай мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас зерттеуші К. Сыроежкиннің еңбектерінде талданған. Оның еңбектері аталмыш мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық, саяси байланыстармен қатар екіжақты және көпжақты ынтымақтастықтың басқа да мәселелерін қарастырады. Сонымен қатар автордың ғылыми мақалаларында тарихи шолу жасау арқылы Қытай мен Қазақстанның шекара мәселесінің шешілу процесі кеңінен талқыланған. Ол Қазақстан мен Қытай арасындағы трансшекаралық өзендер мәселесіне талдау жасайды. Осы орайда зерттеуші К.Сыроежкиннің Қазақстанның Қытаймен дипломатиялық байланыстар орнағалы бергі өзара ынтымақтастығын зерделей келе, жиырма жылға жуық уақытты қамти отырып, үлкен сараптамалық қорытынды жасаған, 2010 жылы шыққан «Қазақстан – Қытай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству» атты 3 кітаптан тұратын монографиясын атау керек. Алғашқы кітабында автор Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың алғашқы қадамдарын саралай келе, шекара мәселесіне, трансшекаралық өзендер мәселесіне, Қытайдағы қазақтар мәселесіне тоқталып, тараптар арасындағы ірі экономикалық жобалар турасында талдау жасайды. Екінші кітабында ғалым Қытайдың Орталық Азиядағы саясатын стратегиялық серіктестік аясында қарастыра отырып, Қазақстандағы Қытай факторына, тараптар байланыстарындағы түйткіл мәселелерге тоқталады. Ал үшінші кітап Қазақстан мен Қытай арасында қол қойылған түрлі келісімшарттарды, бірлескен декларацияларды, министрліктер арасындағы меморандумдарды, тағы басқа көптеген ресми қағаздарды қамтыған құжатнама іспеттес [1].

Сонымен қатар, мақалада қытайлық зерттеушілердің де еңбектері қарастырылды. Цао Лу және Чжэн Гофу (2006) қазақстан-қытай саудасының құрылымына талдау жасап, екі ел арасындағы тауар айналымы көрсеткіші үнемі өсу үстінде деген қорытындыға келді [2]. Қытайдың Қазақстанға экспорты құрылымын оптимизациялау жылдарында екіжақты тауар айналымының көрсеткіші жылдам қарқынмен көтерілді. География, экономика және саясат сыйды үш саладағы ынтымақтастықтың артықшылығын салыстыра келе, Қазақстан мен Қытай арасындағы бірін-бірі өзара тиімді толықтырып тұратын маңызды факторды атап өтіп, аталмыш фактор екіжақты сауда қарым-қатынасының жан-жақты дамуы үшін энергия қайнар көзі және дамудың жағымды кеңістігі екендігін растады. Қытай зерттеушілері Го Яцзин және Сюй Сяоли [3] екі мемлекеттің сауда айналымының даму әлеуетін зерттеп, екіжақты сауда-саттық ынтымақтастығының дұрыс бәсекелестігі Қазақстан сауда саласының дамуына жағымды ықпал ететіндігін атап өкен.

Осы аталған ғалымдардың еңбектері зерттеу тақырыбын, оның өзектілігін анықтауға, тақырыптың зерттелу аясын анықтауға, екі жақты ынтымақтастықтың бағыттары мен түрлерін ажыратуға, Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың құқықтық реттелуін жүйелі зерттеуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің мақсаты: Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды, оның ішінде

шекара маңы сауданың құқықтық реттелуін анықтау, талдау және жүйелеу. Аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер анықталды:

1. Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық әріптестікті, оның қағидаларын түсінудің заңнамалық тәсілін қалыптастыру;

2. Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың негізгі келісімдерін зерттеу;

3. Қазақстан мен Қытай арасындағы жаңа Бірлескен мәлімдеменің сауда-экономикалық ынтымақтастыққа қатысты негізгі ойларын саралау.

Зерттеу нысаны – қалыптасқан құқықтық нормаларды жүзеге асыру кезінде туындаған екі жақты сауда-экономикалық ынтымақтастық. Зерттеу пәні – Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық, оның ішінде шекара маңы сауда қатынастарын реттейтін екі жақты заңнамалық нормалар.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық қатынастар, оның ішінде шекара маңы сауда қатынастарының құқықтық реттелуінің кешенді және жүйелі зерттелуі.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің ресми сайтында орналастырылған ҚР мен ҚХР арасындағы екі жақты ынтымақтастық жөніндегі келісімдер және екі жақты сауда-экономикалық қатынастар туралы статистикалық мәліметтер пайдаланылды. Мақала жазу барысында жалпы ғылыми (жүйелік) және арнайы заңнамалық (формалды-логикалық, құрылымдық-заңнамалық) зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеуде тарихи-құқықтық зерттеу әдісі басымдыққа ие. Бұл әдіс Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономика саласындағы нормалардың тарихи дамуының заңдылығын анықтауға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта құқықтық нормаларды және олар реттейтін екі жақты ынтымақтастықты талдау кезінде статистикалық әдіс те жиі қолданылады. Дербес статистикалық зерттеуге жүгінбей, автор екі жақты сауда-экономикалық мәселелерді қарау кезінде, сәйкес мәліметтерді қолданды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынас 1992 жылы 3 қаңтарда орнатылды. 1992 жылы 28 ақпанда ҚР мен ҚХР үкіметтері арасында 5 жылға арналған Сауда-экономикалық келісіміне, және де Сыртқы экономикалық, сауда, ғылыми және техникалық ынтымақтастық жөніндегі комитет құру туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды.

КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстанның тұтыну нарығы жалаңаштанып, ал әлеуеті мол қорлары сұраусыз қалғаннан кейін 1990-1991 жылдары егеменді Қазақстан мен Қытай арасындағы алғашқы сауда байланыстары орнатылды. Сол уақытта зор мүмкіндігі бар, пайда болған вакуумды толтыра алатын Қытай ашылған қуыста тез орын алды [4, 103].

1992 жылы қыркүйекте Мемлекеттік Кеңес Премьері Ли Пэн Шыңжаң Ұйғыр

автономды ауданының (бұдан әрі - ШҰАА) сыртқы саудасының дамуына ықпал ету мақсатында Шыңжаңның астанасы – Үрімжіде ең алғашқы халықаралық сауда жәрмеңкесін ашты. Шыңжаңмен негізінен Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығыс – Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары шектесіп жатыр. XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында ШҰАА-дан келіп түсетін тауарлардың 80%-ы осы аталмыш қазақстандық облыстардың үлесіне тиді. ШҰАА-дан ҚР-ға негізінен фосфорлық тыңайтқыштар, тұрмыс құралдары және шикізат өнімдері тасымалданды. Мысалы, 1992 жылдан бастап Қытай мен Қазақстан арасындағы шекара аймағындағы өзара сауда айналымының 77%-ы Шыңжаңның үлесіне тиген [5].

1992 жылы сәуірде Қытай коммунистік партиясының Орталық комитеті мен ҚХР ШҰАА үкіметі «ШҰАА-ның сыртқа ашықтық саясатын әрі қарай кеңейту» жөніндегі өтінішін Мемлекеттік кеңеске жолдады. Ашықтық екі бағытты қамтыды: шекараның, теміржол сызықтарының ашықтығы және тірек базаларын құру үшін қалалардың ашықтығы. Осы тұжырымдаманың шеңберінде Құлжа, Болэ және Шәуешек, Үрімжі, Күйтін және Шихэцзы қалаларын ашық қала деуге ұсынылды. Күйтін мен Шихэцзыдан басқа қалаларды ашық деп жариялау жөніндегі Шыңжаңның өтінішін шілдеде Мемлекеттік кеңес қанағаттандырды [1, 37].

1992 жылы ҚХР Мемлекеттік кеңесі КСРО-ның ыдырауына байланысты пайда болған ахуалды талдап, бұрынғы КСРО-ның шекаралық аймақтарымен сауда жасаудың тәуекелдері мен болашағын баяндайтын «№33 құжатты» қабылдайды. Қандай жағдай болса да, ҚХР ШҰАА басшылығы жаңа сыртқы экономикалық курсы анықтап, бұл құжатқа бірден жауап қайтарды – «шығыстағы байланыстармен батысты ашу; батыстан импорттап, шығысқа экспорттау» (дун лянью сы чу; с цзинь дун чу); «...сауда арқылы шекаралық аймақты жаңғырту» (маои син бянью) [1, 43].

Басқаша айтқанда, «қолайлы кезеңді пайдалана отырып», бір жағынан, қытайлық тауарлар үшін қазақстандық тұтыну нарығын ашу, ал екінші жағынан, ҚХР ШҰАА-ны дамыту мақсатында Қазақстанның шикізаттық, материалдық және зияткерлік әлеуетін тарту. Қытай үкіметі Батыс аймақтардың экономикалық дамуына үлкен назар аударып, ірі ауқымды деңгейдегі мемлекеттік қаржылық саясатты жүзеге асыруға бел байлады. Бірақ «Батыс аймақтардың экономикалық игерілуі мен дамытылуы» атты мемлекеттік стратегиялық бағдарламаның нұсқасын ҚХР Төрағасы Цзянь Цзэминь кейін 1999 жылы Пекин қаласында өткізілген Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының отырысында жариялап: «...бұл біздің дамуымыздың ұлы стратегиялық идеямыз болып табылады», – деп ерекше бөліп айтқан болатын [6].

Осылайша, тарихи қалыптасқан сауда байланыстарына сүйене отырып, Қазақстан мен Қытай арасындағы шекара бойындағы сауданың әрі қарай даму бағыты айқындалды. Күрделі сыртқы саяси және экономикалық тенденцияларға қарамастан, шекара бойындағы сауданың дамуын реттейтін құқықтық базаның қалыптасуы және даму үрдісі тоқтамады.

1992 жылы Алма-Ата - Үрімжі теміржол қатынасы ашылды. Өз тарапынан Қазақстан шекара бойындағы Достық бекетін қайта құрды. Қазақстанда бірлескен қазақстан-қытай кәсіпорындары пайда болды. 1995 жылға қарай олардың саны 300-ден асты, бірақ та олардың басым көпшілігі сату-сатып алу мен тез арада пайда табуға бағытталған болатын. Алайда олардың жұмыс жасау мерзімі ұзаққа созылмады [7, 90].

XX ғасырдың 90-шы жылдардың басында Қазақстанда пайда болған тауардың жетіспеушілігін жұмсарту қызметі Шыңжаңның еншісіне тиді. Қытайлық тұтынушылық тауарлар Қазақстанға үлкен көлемде келе бастады. Қазақстандық шикізат және стратегиялық материалдар, құрал-жабдықтар, көлік құралдарының экспорт көлемі бірден өсті. Екі мемлекет арасындағы сауда ахуалы өзгерді. Егер 1992 жылы Қазақстанның Қытайға экспорты 205 млн. АҚШ долларын, импорты – 229 млн. АҚШ долларын құраса, 1996 жылы Қазақстандық экспорттың көлемі 461 млн. АҚШ долларын құрап, Қытайдан Қазақстанға келетін 36 млн. АҚШ долларды құрайтын импорттың көлемінен үш есе асып түсті [8, 20].

1992-1993 жылдар «кең қолданылатын» қытайлық тауарлардың Қазақстанға үлкен көлемде ағылуымен белгілі. Бұл тауарлардың ағыны кең таралған «шоп-туризмнің» арқасында жүзеге асырылды. 1991 жылы 31 шілдеде Құлжа қаласында екі ел арасындағы сыртқы сауданың барынша дамуына үлкен үлес қосқан «шоп-туризм» туралы арнайы келісімге қол қойылды [9].

1992 жылы ақпанда сол кездегі Премьер-министр С.А. Терещенконың Қытайға ресми сапары екі жақты сауда-экономикалық қатынастардың әрі қарай дамуына серпіліс берді. ҚХР астанасы Бейжіндегі келіссөздердің нәтижесінде бірқатар құжаттарға қол қойылды, олардың ішінде төмендегілерді атап өтуге болады:

- Сауда-экономикалық және де ғылыми-техникалық ынтымақтастық бойынша үкіметаралық комиссияны құру туралы келісім;
- Ресми бап бойынша жүретін паспорттардың барлық түріндегі азаматтарға арналған визасыз режимді көздейтін азаматтардың өзара сапарлары туралы келісім (кейіннен дипломатиялық және қызметтік паспорттары бар азаматтар үшін өзара сапарларға визасыз режим сақталды);
- Мемлекеттік шекарадан өтудің өткізу бекеттерінің ашылуы туралы келісім («Қорғас» (Қазақстан) – «Қорғас» (ҚХР), «Достық» (Қазақстан) – «Алашанькоу» (ҚХР), «Бакты» (Қазақстан) – «Покиту» (ҚХР) рұқсат бекеттеріне халықаралық мәртебе берілді).

Мемлекеттер арасындағы шекара бойындағы сауданың серпінді дамуы 1992 жылы 10 тамызда Бейжің қаласында Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы Шекара бойындағы өткізу бекеттерінің ашылуы туралы келісімге қол қойылуына себеп болды. Осы келісімнің нәтижесінде 1992 жылы екі жақты бағытта қытайлық-қазақстандық шекараны 672 мың адам кесіп өтті.

1992 жылы қарашада Қазақстанға ресми сапармен ҚХР-дың сол кездегі сыртқы істер министрі Цянь Цичэнь келді. Кездесу барысында Мемлекет

басшысы Н. Назарбаев Қазақстанның Қытаймен шектесетін барлық шекарасын үшінші елдер капиталының қатысу мүмкіндігі бар еркін экономикалық аймаққа айналдыру туралы ұсыныс жасады. Н. Назарбаев ұсынған қазақстан-қытай шекарасында еркін экономикалық аймақ құру идеясы берілген бағытта екі жақты қатынастың әрі қарай дамуына негіз болды.

1993 жылы қазанда Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына алғаш сапары барысында, мемлекет басшылары екі мемлекеттің өзара қатынасының қағидаларын айқындайтын бірінші ресми құжатқа – Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Достық және өзара қатынастың негіздері туралы бірлескен декларацияға қол қойды. Осы Декларацияға сәйкес, тараптар екі жақты экономикалық ынтымақтастықтың өнеркәсіп, биотехнология, көліктік қатынастар, энергетика, ғарышты зерттеу және басқа да бағыттары бойынша қызмет етуі тиіс деп келісілді. Декларацияның сауда-экономикалық қарым-қатынастарды дамыту тармағында: тараптар ортақ мүдделерде сауда-экономикалық ынтымақтастықтың дамуына ерекше маңыз береді; тараптар Қазақстан мен Қытайдың экономикасы құрылымында бір-бірін толықтырады және де өзара тиімді әріптестік үшін зор мүмкіндіктерге ие деп санайды; тараптар, әсіресе, инвестицияларды және мүлікті өзара қорғау үшін, ведомстволар, өңірлер (шекара маңындағы) және кәсіпорындар арасындағы қарым-қатынас пен ынтымақтастықты жан-жақты ынталандыру үшін өз заңнамалары аясында қолайлы жағдай жасайтындықтарын мәлімдеді [10].

1994 жылы 24 сәуірде ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Ли Пэн Қазақстанға сапармен келді, екі тарап та қытай-қазақстан шекарасының қауіпсіздігі, Қорғас еркін сауда аймағының кеңеюі, Алматыдан Инин қаласына дейін тартылатын жаңа темір жол магистралі туралы келісімге қол қойды және Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың төмендегідей негізгі бағыттарын анықтады: теңдік және өзара тиімділік қағидасына сүйене отырып, барлық мәселелерді экономика саласының заңдары бойынша шешу; ынтымақтастықтың әр түрлі нысандарын дамыту; қолдағы барлық қорларды пайдалану; көлік қатынасын жақсарту, Жібек Жолына баламалы бағытты ашу; Орталық Азия мемлекеттеріне Қытай тарапынан экономикалық қолдау көрсету; көп бағыттағы ынтымақтастықты дамыту және дамуға ықпал жасау [11, 121].

ҚХР-дың сыртқы сауда заңнамасының негізін «ҚХР-дың сыртқы сауда жөніндегі» заңы құрайды. Заң алғаш рет 1994 жылы 12 мамырда қабылданып, 1994 жылы 1 шілдеде күшіне енді. Ал шекаралық сауда саласындағы ҚХР заңнамасына өзгертулер 1996 жылы енгізіле бастады. ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің 1996 жылғы 3 қаңтардағы хабарламасы бойынша шекаралық сауданы екі деңгейде жүргізу мәселесі алға қойылды [12].

1991–2000 жылдары Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық қатынастар жемісті дамыды. Аталған кезең ішінде екі жақты сауда көлемінің ұлғаю үрдісі байқалды. Егер 1994 жылы Қазақстан мен Қытай арасындағы

тауар айналымы 340 млн. АҚШ долларын құраса, 1997 жылы – 530 млн. АҚШ долларын, 1998 жылы – 640 млн. АҚШ долларын құрады, ал 2001 жылы бұл көрсеткіш алғаш рет 1 млрд. АҚШ долларынан асты [13, 46]. Яғни осы аталған көрсеткіштер жүзеге асқан келіссөздердің аясындағы екі жақты ынтымақтастық әдісі мен стратегиясының беріктігін куәландырды.

Екі жақты қатынастардың дамуындағы жаңа кезең 2002 жылы мамырда қазақстан-қытай шекара сызығының демаркациясы туралы мемлекетаралық хаттамаға, 2002 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы келісім-шартқа қол қойылумен айқындалады.

2003 жылдың 6 маусымында «2003-2008 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ынтымақтастық бағдарламасын» жүзеге асыру және екі мемлекеттің халықтар игілігі үшін тараптардың жан-жақты салада ынтымақтастықтарын ілгерілету, тату көршілік, достық қарым-қатынасты тереңдету мақсатында 2004 жылдың 14 мамырындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасында ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-қытай комитетін құру туралы келісімге қол қойылды [1]. Осы келісімде тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкестендіре отырып, шекаралық сауданың дамуы үшін қолайлы жағдайлар туғызуға бірлескен іс-шаралар өткізуге уағдаласты.

Екі жақты қатынастардың жаңа сапалы стратегиялық әріптестік деңгейіне шығуын 2005 жылдың шілдесінде Ху Цзиньтаоның Қазақстанға ресми сапары барысында қол қойылған Бірлескен декларациясы куәландырады. Декларацияда екі мемлекет те сауда, экономика, энергетика, көлік салаларындағы ынтымақтастық екі жақты қатынастың дамуында маңызды бағыт болып табылатындығы туралы бірдей көзқарас ұстанатындықтарын білдірді. Бұны 2005 жылы Қазақстанда 40-тан аса қытай компанияларының аккредиттелуі, мұнай-газ, тоқыма өнеркәсібі, пластмасса және темір бұйымдары саласында 670 бірлескен кәсіпорындардың жұмыс істей бастауы куәландырады.

2006 жылы қаңтарда Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтао ХХІ ғасырдағы Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастық стратегиясы мен Екі жақты экономикалық ынтымақтастықты дамыту туралы тұжырымдамаға қол қойды. Кездесу қорытындысы бойынша 10 екі жақты құжатқа қол қойылды.

2007 жылы 18 тамызда екі ел Мемлекет басшылары Бірлескен коммюникеге қол қойды. Коммюникеде Қазақстан және Қытай екі жақты өзара ынтымақтастықтың басым бағыттарының бірі болып табылатын инвестициялық ынтымақтастықты күшейтуге күш салатынын атап өтті. Бір-бірінің аумағындағы банктердің жұмысы үшін қолайлы жағдайлар жасау туралы шешім қабылданған; транзитті – көлік әлеуетін толық пайдалану, өткізу бекеттерінің өткізу қабілеттерін жоғарылату, Қазақстан арқылы өтетін

еуразиялық бағытта жүктерді тасымалдауды қамтамасыз ететін халықаралық көлік дәліздерін жасау шешімі қабылданды [14].

2011 жылғы 21-23 ақпан күндері Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына жасаған сапары барысында жасалған екі жақты келіссөздер аясында тараптар өзара әлеуметтік-экономикалық даму стратегияларына және жоспарларына қолдау көрсетті, екі жақты сауда-экономикалық өзара іс-қимылды одан әрі дамытуға ықпал етті, «Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы экономиканың шикізаттық емес секторындағы ынтымақтастығы бағдарламасы» аясында аталған Бағдарламаның Іс-шаралары жоспарына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы хаттаманы іске асыруды жандандыруды ниет етті. Сондай-ақ тараптар шекаралық сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға, жергілікті деңгейдегі ынтымақтастықты қолдауға және ілгерілетуге, сауда-саттықты және инвестицияны ынталандыратын көрмелерге, жәрмеңкелерге және басқа да іс-шараларға ведомстволар мен кәсіпорындардың белсенді қатысуына қолдау көрсетуге ниеттерін білдірді және «Қорғас» Қазақстан-Қытай Шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының құрылысын аяқтау және пайдалануға беру маңыздылығын атап өтті.

Екі жақты ынтымақтастықтың үшінші он жылдығында қол жеткізілген мәмілелердің арасында, 2013 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі тереңдету туралы Бірлескен декларацияны, 2015 жылғы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Мемлекет басшыларының жан-жақты стратегиялық серіктестіктің жаңа кезеңі туралы Бірлескен декларацияны, 2017 жылы Нұр-Сұлтан қаласында, 2018 жылы Бейжің қаласында қол жеткізілген ҚР мен ҚХР Мемлекет басшыларының Бірлескен мәлімдемелерін атап өтуге болады [15].

Осы аталған құжаттардың аясында екі жақты сауда-экономикалық қатынастар да қарқынды дамыды. 2019 жылы Қазақстанның сыртқы саудасындағы Қытайдың үлесі құндық қатынаста 14,9% - ды құрайды, бұл Қытайды негізгі әріптес деп айтуға толық мүмкіндік береді. Ақшалай алғанда 2019 жылы Қазақстан мен ҚХР арасындағы сауда 14,36 млрд долларды құрады, оның Қытайға экспорты 7,82 млрд долларды, ал импорт 6,54 млрд долларды құрады. 2018 жылмен салыстырғанда Қытаймен сауда 22,8% өсті (1-кесте) [16].

1-кесте. Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара сауда көрсеткіштері

Жыл	Экспорт, млн АҚШ долл.	Экспорттың жалпы көлеміндегі үлес салмағы, %	Импорт, млн АҚШ долл.	Импорттың жалпы көлеміндегі үлес салмағы, %	Тауар айналымы, млн АҚШ долл.	Тауар айналымының жалпы көлеміндегі үлес салмағы, %
2014	9 799,4	12,3	7 357,2	17,8	17 156,6	14,2
2015	5 480,1	11,9	5 087,8	16,6	10 568,0	13,8
2016	4 228,4	11,5	3 668,0	14,5	7 896,4	12,7

Жыл	Экспорт, млн АҚШ долл.	Экспорттың жалпы көлеміндегі үлес салмағы, %	Импорт, млн АҚШ долл.	Импорттың жалпы көлеміндегі үлес салмағы, %	Тауар айналымы, млн АҚШ долл.	Тауар айналымының жалпы көлеміндегі үлес салмағы, %
2017	5 798,0	12	4 695,0	15,9	10 493,0	13,4
2018	6 307,5	10,3	5 384,2	16	11 691,7	12,3
2019	7 823,4	13,8	6 537,8	16,2	14 361,2	14,9

Ескерту: кесте автормен құрастырылды

Ал уағдаластықтардың ішінде екі жақты ынтымақтастыққа жаңа серпін, жаңа мүмкіндіктер беретін соңғы құжаттардың бірі – ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың 2019 жылы қыркүйекте Бейжіңге ресми сапары барысында қабылданған ҚР мен ҚХР арасында мәңгілік жан-жақты стратегиялық серіктестікті орнату айқындалған Бірлескен мәлімдеме болып табылады. Аталған құжатта жаңа кезеңдегі екі ел арасындағы өзара сенімділік, достық және ортақ қауіп-қатерлер алдындағы үлкен ауқымдағы серіктестік – мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестік» тұрғысында қарым-қатынастың нығаятыны баяндалған.

Дипломатиялық қарым-қатынас орнаған сәттен бастап 30 жылдың ішінде Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастық теңдестірілген сипатқа ие. Екі мемлекет сындарлы саяси қарым-қатынас орнатып, экономиканың барлық саласында тығыз жұмыс істеп келеді. Қазақстан мен Қытай серіктес ретінде бір-біріне өте маңызды болып табылатындықтан, осы құжаттың стратегиялық деп аталуы орынды.

Аталған сапар барысында Қазақстан мен Қытай үкіметтері, өзге де ведомстволық ұйымдар деңгейінде 10 келісімге және екі жақты өзара әрекеттестікті дамытуға арналған арнайы ресми құжаттарға қол қойылды. Соның ішінде экономика бағыты бойынша маңызды құжаттардың бірі – Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты мен «Жібек жолының экономикалық белдеуі» құрылысын ұштастыру жөніндегі ынтымақтастық жоспарын жүзеге асыруға байланысты өзара көмек туралы меморандум. Осы құжаттардың негізінде екі мемлекет арасындағы өзара тауар айналымының құрылымын әртараптандыру, сауда көлемінің артуының жаңа көздерін іздеу, оның ішінде шекара маңы электронды сауданы, инновациялық кооперацияны дамыту арқылы өзара сауда ынтымақтастығын кеңейту жоспарланды [16].

Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси-экономикалық қатынастар қазіргі уақытта қарқынды дамып келе жатыр. 2021 жылдың қаңтар-ақпан айларында екі ел арасындағы тауар айналымы 2020 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 20%-ға өсіп, 3,5 млрд долларды құрады. Екі мемлекет арасындағы өзара ынтымақтастықтың тарихындағы бұл ең қарқынды даму болып табылады. Қытай мен Қазақстан арасындағы экспорт 50%-ға, ал импорт 14,5%-ға өсті. Осы жылдың алғашқы екі айында импорт 1,8 млрд долларды құраса, ал Қытайға экспорт 1,7 млрд долларға жетті.

ҚХР-дың Бас консулдығының мәліметтеріне сәйкес, 2020 жылы Қытай мен Қазақстан арасындағы екіжақты сауда айналымы былтырғы жылмен салыстырғанда 2,6%-ға төмендеп, 21,44 млрд долларды құраған болатын. Оған қоса Қытайдан Қазақстанға импорт көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 8%-ға азайып, 11,71 млрд долларды көрсетті.

Қытай Қазақстанға тартылған инвестицияның жалпы көлемінде 4,7%-ды құрап, ең ірі бес инвесторларының қатарына кіреді. 2005-2019 жж. аралығындағы Қытай инвестициясы 24,1 млрд доллардан асып түсті (2-кесте) [17].

2-кесте. Қытайдан Қазақстанға келген шетелдік тікелей инвестициялар ағыны, миллион доллар [18]

Жыл	Қытайдан Қазақстанға инвестициялар ағыны	Қазақстанға жалпы инвестициялар ағыны	Жалпы ағымдағы Қытайдың үлесі, %
2005	216,5	7 916,0	2,7
2006	426,5	12 066,0	3,5
2007	439,1	19 418,0	2,3
2008	793,2	21 301,0	3,7
2009	936,9	21 301,0	4,4
